

## Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 Еңбек технологиясы және кәсіпке оқыту жүйелерінің ұғымы	
1.1 «Технология» пәні бағдарламасы мазмұнының айқындалуы.....	5
1.2 «Технология» пәнін оқытудағы өндірістік оқыту жүйелері.....	8
1.3 Технология пәні мұғалімінің оқытуды ұйымдастыруға дайындық жұмыстары.....	9
2 «Технология» оқу пәнін оқытуда қолданылатын принциптер, әдістер мен тәсілдер, оқытуды ұйымдастыру формалары	
2.1 «Технология» пәні мазмұны оқу материалдарын түзудегі және оны оқытудағы дидактикалық принциптер.....	14
2.2 «Технология» пәнін оқыту әдістері мен тәсілдері.....	18
2.3 «Технология» пәнін оқытуды ұйымдастыру формалары.....	21
3 Сабақ жоспарын және графигін құру	
3.1 Сабақ жоспары.....	25
3.2 Нұсқаунама технологиялық карта.....	28
3.3 Құрылымдық-логикалық кесте.....	29
Қорытынды.....	31
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	33

## КІРІСПЕ

«Технология» оқу пәні – интегративті білім саласы. Оқушылардың математика, физика, химия және биология пәндерінен алған білімдерін синтездеу арқылы өндірісте, энергетикада, байланыста, ауыл шаруашылығында, жеңіл өнеркәсіпте, транспортта т.б. бағыттарда пайдалану жолдарын меңгереді негізгі ғылым болып табылады.

Жалпы, техникалық-технологиялық білімнің болашақта дамуы графикалық ақпараттың қызметі мен өсу қарқынына байланысты, компьютерлік техниканы пайдалануды меңгереді. Оқушылардың интеллектуалды іс-әрекетін, графикалық модельдеу, ойша эксперименттеу, модельдің бейне-белгісін жаңаша пайдалану, жеке объектінің динамикалық өзгерісін бейне-модель бойынша зерттеуін технологиялық әдіспен дайындауда ерекше мәні бөлінеді.

Бағдарлама мазмұнына сәйкес оқушылар қолмен өңдеу бойынша техникалық материалдарды қарапайым әдіспен өңдейтін техникалық құрал-жабдықтармен танысады, өзіне-өзі қызмет етуді ұйымдастыруды іске асыру жолдарын меңгереді. Пәнің негізгі бағыты әртүрлі материалдармен бұйымдар жасаудың заңдылықтарын анықтау болып табылады.

Технология оқу пәні бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнында берілген графикалық және сараптамалық жұмыстардың тізбелері міндетті деңгейде орындалуы тиіс.

Сонымен қатар, оқушыларға кәсіптік бағдар мен кәсіптер туралы түсініктер беріледі. Мұнда оқушының өзі туралы пікірі, қабілеттері, іскерліктері, қызығушылықтары, шектеулі мамандық және оның себептері, әртүрлі мамандық туралы білім аймжы қалыптасады.

«Технология» білім беру саласының тұжырымдамасына сәйкес нақты білімдер, мәдениетті, шығармашылық бастамалық және озық ойлы, өз бетінше еңбек етуге даяр және тілғаны оқыту мен тәрбиелеу мақсаты негізгі болып табылады.

Технология пәні төмендегі міндеттерді алға тартады:

- материалдарды қолмен өңдеу технологияларымен, сондай-ақ материалдарды, энергияны, ақпаратты өзгертудің заманауи технологияларымен танысу;
- шешім қабылдау және практикалық міндеттерді орындау барысында өз бетінше әрекеттенуі мен шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- өзіне-өзі қызмет ету және үнемді шаруашылық жүргізудің практикалық ебдейліктері мен дағдыларын жетілдіру;
- жобалық қызметті ұйымдастырудың жалпы тәсілдерін қалыптастыру және дамыту, осы негізде жасампаз өзгермелі қызметтің бір бөлігі болып табылатын технологиялық мәдениетті қалыптастыру, дамыту;
- сәндік-қолданбалы шығармашылықтың алуан түрлерімен, қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы эстетикалық талғамға, көркемдік бастамалыққа тәрбиелеу;

- туғаның адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу: адамшық, міндетшілік, жауапкершілік, еңбекпен өмір сүру салты, жүріп-тұру мәдениеті мен ынтымақтастық қарым-қатынас жасау мәдениетін бойларына сіңіру;

- кәсіби сыныпты өту кезінде кәсіптер әлемімен, қызмет түрлерімен танысу негізінде кәсіптерді саналы түрде таңдауға дайындау.

«Технология» оқушыларға негізгі мектепте, технологиялық даярлаудың барлық бағыттарына сай келетін еңбек қызметі тәжірибесін меңгертуі тиіс. Олар:

1. *Және немесе ұғамдық маңызы бар еңбек нысандарын жасау тәжірибесі*

- Еңбек нысандарын таңдау;
- Іс-әрекет мақсатына сәйкес материалдар мен еңбек құралдарын іріктеу;
- Құрал-саймандар мен жабдықтарды қолдану;
- Технологиялық үрдісте қауіпсіз еңбек тәсілдерін пайдалану;
- өзіндік еңбек процесінің барысы мен нәтижелерін бақылау.

2. *Және және ұғымдық еңбек қызметін ұйымдастыру тәжірибесі:*

- қолда бар құралдарды және жағдайды ескере отырып, жұмысты жоспарлау;
- ұжымдық қызмет атқарудағы жұмыс үлесі;
- аспаптар мен жабдықтарды тиімді орналастыру.

3. *Технологиялық ақпараттық жұмыс тәжірибесі:*

- Оқу және анықтамалық әдебиеттермен қажетті ақпаратты іздестіру;
- Технологиялық міндеттерді шешуде қажетті ақпаратты дұрыс қолдану.

4. *Материалдық нысандарды жасау және қызмет көрсету бойынша жобалық іс-әрекет тәжірибесі*

- Іс-әрекет мақсатын тұжырымдау;
- Мақсатқа жету құралдары мен тәсілдерін анықтау;
- Жобаны аяқталған бұйым түріне келтіру;
- Нысанды жасауға немесе қызмет көрсетуге қажетті шығындарды бағалау.

5. *Кәсіби қызмет басталдағын құру мүмкіндіктерін бағалау тәжірибесі:*

- Қабілеттер мен бейімділіктерді өзіндік болжау;
- Түрлі кәсіби қызмет салаларында өз күшін сынап көру;
- Кәсіби білім алу және жұмысқа орналасу жоспарларын құру.

## 1 Еңбек технологиясы және кәсіпке оқыту жүйелерінің ұзығы

### 1.1 «Технология» пәні бағдарламасы мазмұнының айқындалуы

Жасөспірімдерді еңбекке және кәсіпке баулу адамзат қоғамының даму кезеңдерінің барлығында жүргізіліп келеді. Егер өтіп бара жатқан ұрпақ өзін алмастыратын келесі ұрпаққа өзінің тәжірибесін бермесе, оларды тәрбиелемесе, еңбекке баулымаса, онда ұрпақтың өмір сүру жағдайының сақталуы мен дамуының болмауы мүмкін болар еді. Сол себепті еңбекке басты назар аударылады.

Еңбектің адам өміріндегі орны мен рөлін көптеген ұлы ғұламалар жазып қалдырғаны баршаға мәлім. К.Маркс пен Ф.Энгельс адамның дамуының ғылыми тұжырымын жасаған. К.Маркс «Капитал» атты еңбегінде: «Еңбек дегеніміз алдымен адам мен табиғат арасындағы процесс; мұнда адам өз өз қызметі арқылы өзі мен табиғат арасындағы заттардың алмасуына себепкер болады, оны реттеп, бақылап отырады... Табиғат затын өз басының тіршілік етуіне жарамды формада көмдену үшін адам өз тәнінің табиғи күштерін: қолдары мен аяқтарын, ақыл-ойы мен саусақтарын қимылға келтіреді. Осындай қимыл арқылы сыртқы табиғатқа әсер ете отырып, оны өзгерте отырып, адам сонымен бірге өз басының жаратылысын да өзгертеді. Ол осында мүлгіп жатқан күш-қабілеттерді еріштеді де, бұл күштердің құбылысын өз өктемдігіне бағындырады» - деп, шығармашыл іс-әрекетті түзуші адамның даму процесінің рөлін көрсетеді.

Адамның қарыптасуында еңбектің рөлі жайында айта келіп, Энгельс жануарлар патшалығынан адамды бөліп алу мүмкіндігі, ақыл-ой және дене еңбегінің ұштасуы мен бірлігінің арқасында екендігіне мән берді.

Адам сыртқы табиғатқа тікелей қолымен, яғни дене еңбегімен ықпал ете отырып, өзінің ақыл-ойының дамуын қамтамасыз етеді. Ол жөнінде Ф.Энгельс «Қолдың дамуымен бірге алыптап бас та дамыды, танып-білу туындады. ... Табиғат заңдарын танып-білудің жедел өсуімен бірге табиғатқа кері ықпал ету құралдары өсті; адамдар тек бір ғана қолдың көмегімен бұ машиналарын еш уақытта жасамаған болар еді және қолдың арқасында адамның миы дамыды», - деп жазды. Терең философиялық талдаудың негізінде Энгельс мынадай қорытындыға келеді: қолдың, мидың, сөйлеу органдарының бірлескен іс-әрекетінің нәтижесінде ғана адамдар алдына жоғары мақсаттар қойып, оларға жетуде барлық күрделі операцияларды орындау мен меңгеру қабілетіне ие болды.

Еңбек процесі жөнінде К.Маркс: «Еңбек процесінің жай моменттері мыналар: мақсатқа сай қызмет, яғни еңбектің өзі, еңбек заты мен еңбек құрал-жабдығы», - деп атап көрсетеді (Капитал).

Қазіргі заманғы еңбекке тән сипатты ерекшелік – оны одан әрі индустриаландыру. Индустриаландыру – барлық қалық шаруашылық салаларында, әсіресе, өнеркәсіпте ірі машиналы өндірісті құру процесі.

Индустриалды еңбектің негізгі түрлеріне қол, механикаландырылған және автоматтандырылған еңбек түрлері қатысты. Қол еңбегі едәуір тарихи және еңбек түрі. Қазіргі уақытта қол еңбегі қарапайым (арнайы дағды және егтілікті, сондай-ақ қазіргі еңбек құралдарымен және приборларымен

жұмыс жасауды талап етпейтін) және күрделі (ұзақ дайындыққа, ғылыми-техникалық білімдерге және жұмысшының шеберлігіне негізделген) болып ажыратылады.

Адамның еңбек іс-әреетінің құрылымы күрделі, иерархиялық тұрғызылған, көңілге ой және бір деңгейден екінші деңгейге ауыстырылып қосылатын үлкен мүмкіндігімен динамикалық дамушы құрылым ретінде сипатталады. Осының бәрі оның формальді сипаттамасының әдістерін пайдалану үшін қиындық тудырады. Сол себепті тек іс-әрееттің автоматтандырылғанына жеткен көшірмесі орындалатын әрекет реттілігінің қосындысы ретінде сипатталуы мүмкін. Бұл мәселе негізінен пәнді оқыту мазмұнын, ондағы оқу материалдары мен практикалық іс-әрееттерді анықтауда назарға алынады.

Мектептік жалпы білім беру мазмұнын түзетін пәндер топтамасын үшке топтап көрсетуге болады. Олар: қоғамдық-гуманитарландыру, математикалық-жаратылыстану және адам іс-әреетіне негізделген пәндер кешені. Адам іс-әреетіне негізделген пәндер кешені ішкінен «Технология» пәнінің мазмұны еңбектің сипаты, мазмұны және жағдайы тұрғысынан бағыттары анықталады. Сол себепті «Технология» пәні мазмұнын анықтау адамның кәсіби іс-әреетінен туындайды. Бұл негізінен іс-әреетке үйретуге бағытталатын талап тұрғысынан анықталады.

Талап – педагогикалық ықпал етудің әдісі ретінде мектеп оқушыларында сапалық қасиеттердің қалыптасуын анықтау мен ынталандыру үшін белгіленеді. Талаптың негізгі басты ерекшелігі оның мазмұнында және ол сөз түрінде жрйылады. Оқушыларды еңбекке дайындауға, оның өзіне көптеген талаптар жрйылады.

Қазақстан Республикасының орта білім стандартында, «Технология» білім саласында оқушыларды еңбекке және кәсіпке дайындауға сай стандарт талаптары: жалпы білім беретін орта мектеп бітірушілердің дайындық деңгейіне жрйылатын талаптар «оқушылар мынаны білуге тиіс», «оқушылар мынаны орындауға тиіс», ал орта (толық) білім бойынша мектеп бітірушілер дайындығының деңгейіне сәйкес талаптар («оқушылар білуі тиіс», «оқушылар орындауы тиіс») деген ұғымдар ажыратылып белгіленген.

Білім стандарты «Технология» пәні бойынша білім мазмұнын анықтайтын негізгі бағытына алынатын құжат болып табылады. Келесі құжаттың бірі оқу пәні бойынша типтік бағдарлама болып табылады. Типтік бағдарлама модулінің мазмұны «Адам-техника», «Адам-табиғат», «Адам-белгілер жүйесі», «Адам-адам», «Адам-көркем образ» типтері бойынша материалдарды қамтыған. Оның мазмұнының инвариант бөлігіне енетін негізгі ұғымдар төмендегідей:

- технология; материалдар, олардың қасиеттері және сақтау; құралдар мен бейімдеу құралдары; техника (станоктар, машиналар); ақпарат, бұйым, жоба, дизайн, техникалық құжаттар, технологияны тандау; өндірісті дайындау және ұйымдастыру, технологиялық процестерді механикаландыру және автоматтандыру, өндірістегі компьютерлі технология, перспективті технология;

- өнімді өткізу және сату, оның құны, шикізатты, энергияны, еңбекті үнемдеу, өндірісті тиімді ұтымды ұйымдастыруды экономикалық талдау, кәсіпкершілік іс-әрекет;

- өндірістің экологиялық мәселелері; өндірістің қалдықтарын пайдалану және талдау асыру; технологияны қолданудың әлеуметтік нәтижесі;

- жұмыс орнын ұйымдастыру және жоспарлау, жұмыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; еңбек мәдениеті және өндірістегі қарым-қатынас;

- адамға кәсіптің қоятын талаптары, оқушының жеке тұлғалық сапасына, қызығушылығымен және икемділігімен кәсіби іс-әрекет жөніндегі алған білімдерінің қатынасы.

Бағдарламаның (модульдің) мазмұны әрбір тип бойынша төмендегідей көрініс тапқан. Ұлдар үшін «адам-техника» бойынша конструктивтік материалдарды (материалдардың түрі бойынша) өндеуде.

Аралау, жону, сүргілеу, фрезерлеу; бедерлеу; механикалық, термиялық өндеулер, пластикалық пішін түзу; пісіру; желімдеу; дәнекерлеу; ажарлау және жылтырату; күйдіру, бояу және лақтау.

Техникалық құрылыстарды дайындау, жөндеу, реттеу, олардың элементтері мен бөлшектері.

Механикалық біріктірулер, механикалық құрастыру және монтаждау; ақауларды іздестіру; бөлшектерді және тораптарды алмастыру; дайындау және реттеу; өлшеу; тексеру және сынау; тұрмыстық техникаларды және санитарлық-техникалық құрылыстарды қарапайым жөндеу.

Электротехникалық және электронды құрылыстармен жұмыс.

Электрлік схемасын оқу және құру; электрлік өлшеу; бөлшектерді және өткізгіштерді монтаждау; өткізгіштерді дәнекерлеу және контактілі пісіру; құрылысын сынау; ақауды іздеу және түзету.

Тұрмыстық радиоселектронды аппаратуралармен, автоматты қондырғылармен, жеке ЭЕМ, пайдаланушы ретінде аралық басқару жүйелерімен жұмыс жасауды үйрену.

Қыздар үшін матаны және мата емес материалдарды теріні және мектегі өндеуде.

Тоқымашылық; тоқу; еру; макраме; бастырмалау; кестелеу; пішу; тігу; желімдеу; сығымдау; сәндік элементтермен, фурнитуралармен көмкеру; киімді жөндеу.

Құрылыс-жөндеу және әрлеу жұмыстары.

Тұрғын бөлмелерді жөндеу, байланыстырушы араласпаларды, ылау тәсілдерін дайындау; ағаштан құрылыс бұйымдарын дайындау; қарапайым беттерді сылау; сәндік қаптамаларды енгізу; бояу; желімдеу; қаптау.

Ауыл шаруашылық өнімдерін және шала өнім (жартылай фабрика) тағамдарды өндеуде.

Дайындама; сақтау; механикалық және термиялық өндеу; тағам және сусын дайындау.

«Адам-табиғат» типі бойынша төмендегідей тараулар қарастырылған.

Өсімдік өсіру. Топырақты өңдеу; егу және отырғызу; тыңайтқыш енгізу; ауылшаруашылық өсімдіктерінің ауруларымен және зиянкестермен механикалық табиғи құралдармен күрес жүргізу; тәжірибелік жұмыстар; өнімді жинау және оны сақтауға өткізу.

Мал шаруашылығы және құс шаруашылығы. Малдың және құстардың жас өнімдерін өсіру; азықты дайындау және сақтау; малдардың және құстардың рационның құру және азықтандыру; ветеринарлық-профилактикалық іс-шаралар.

«Адам-белгілер жүйесі» типі бойынша төмендегі тараулар қарастырылады.

Лингвистикалық және техникалық ақпаратты компьютерлік өңдеу. Мәтінді жинақтау және форматтау, принтерде шығару; ақпаратты жүйелеу; оперативті жүйеде файлмен жұмыс жасау; қолданбалы бағдарламамен жұмыс жасау.

Сызбу және графика. Техникалық суреттерді, эскиздерді, сызбаларды, схемаларды, графиктерді, диаграммаларды оқу және орындау; сызба құралдарымен және компьютерлік құралдар көмегімен жұмыс жасау.

«Адам-адам» типі бойынша төмендегі тараулар қарастырылады.

Тұрлықтық қызмет. Тұрғын бөлмелерді сәндік жабдықтау; кітапсаналық іс; тауарды сату.

Санитарлық-медициналық-профилактикалық жұмыстар. Ауырған және жарақат алған кездегі алғашқы медициналық көмек; аурулар мен балаларға күтім.

«Адам-көркем образ» типі бойынша төмендегі тараулар қарастырылады.

Қолданбалы көркем шығармашылық. Дизайн; киімді, аяқ киімді және аксессуарларды модельдеу; сәндік тоқыма; көркем өру; көркем кестелеу; ағашты, қабықты және сүйекті ою; фигуралы жону; бедерлеу; мозайка; инкрустация; бояма (роспись), күйшіру; сызылдау; көркем шекілеу; терімен, тастың, сабын және басқа да табиғи материалдармен көркем-қолданбалы жұмыс.

Білім мазмұнының анықтайтын басты құжаттар стандарт пен типтік бағдарламадағы сипатталған оқу материалдары мен іс-әрекеттердің ғылыми негізінің ашылуы мен түсіндірулер, орындалу тәртібі оқулықтар мен оқу құралдарында беріледі.

Мемлекеттік құжат – оқу жоспарларында 1) оқытылуға тиісті оқу пәндерінің тізімі белгіленеді, 2) әр оқу жылдары (сыныптар) бойынша осы оқу пәндерінің өту тәртібі және реті анықталады, 3) әр жетіде әр пәнге бөлінетін сағаттардың (сабақтардың) мөлшері көрсетіледі.

### **1.2 «Технология» пәнін оқытудағы өндірістік оқыту жүйелері**

Мұғалім «Технология» пәні мазмұнында қарастырылған технологияны оқытудың ерекшеліктері негізінде оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады, мектеп оқушысының жеке тұлғалық дамуына, оның азаматтық позициясының, ғылыми, экологиялық және экономикалық сауаттылығының қалыптасуына, өзінің болашақ кәсібін анықтауына

мүмкіндік береді. Оқу мекемесінің статусына сәйкес мұғалім оқу жоспарық, оларға өзінің оқығатын пән бағдарламасын саналы тандайды, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиеттермен қалтамасыз етеді.

Технология пән мұғалімдеріне қажетті оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы білім, іскерлік және дағдылар жоғары оқу орындарында қалыптастырылуы тиіс, ал білім беру жүйесінде практика барысында жетілдіріледі.

Мектептегі технология пән мұғалімдеріне орта мектепте оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастыру қажетті шарттың бірі болып табылуда. Сол себепті де технология мұғалімінен оқушыларға технологиялық білім беруді нәтижелі жүзеге асыру талап етіледі. Технологиялық білім беру өндірістік немесе оқыту жүйелері негізінде жүзеге асырылады.

Технологиялық білім беру үшін пән мұғалімінің оқытуға сәйкес аталған дайындығы кең, әрі терең болуы керек. Аталған бағыт бойынша дайындық кәсіптік оқыту деңгейінде жүзеге асырылады. Пәнді оқытуды терең түсіну үшін «өндірістік оқыту», «өндірістік оқыту жүйелері» жөніндегі ұғымдарының мәнін түсіну қажет.

«Технология» пәні мазмұнындағы материалдарды өздеу технологиясын оқыту кәсіптік оқыту жүйелері арқылы жүзеге асырылады. Олар төмендегідей.

**Заманғы жүйе** – оқушы өзі меңгеретін мамандығының сипатына байланысты, типтік бұйымдар жиынтығын әзірлеуге негізделген. Мұнда бұйымдарды әзірлеу біртіндеп күрделене түседі. Оларды әзірлеу барысы дидактикалық жоспары бойынша жеке операцияларға жіктеледі. Бұл жүйенің өзіндік кемшілігі бар. Олар: оқушының жеке еңбек тәсілдерін орындау ережелерімен арнайы таныстырылмайды; олар тек қана шебердің қозғалысы мен басқа да еңбек қозғалыстарын көшіруге ұқтаспайды. Мұндай оқытуда жаңа бұйым әзірлеу барысында оқушылар өздерінің іскерлігі мен дағдысын қолдана алмайды. Сол себептен де олар қайтадан оқытуды қажет етеді.

Операциялық жүйе - өндірісте қолемершілік тәсілді айқындайды. Сондықтан да бұл оқыту жүйесі ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейін қолданылды.

Операциялық жүйе бойынша оқушылар өздері меңгеретін мамандық мазмұнын, еңбек операцияларын орындайды. Осыған байланысты оқушылар әртүрлі бұйымдарды әзірлеуді үйренеді. Тек қана жүйелілік тәсіл негізінде жұмыс жасау, мамандық аясында шектеледі.

### **1.3 Технология пәні мұғалімінің оқытуды ұйымдастыруға дайындық жұмыстары**

Білім беру процесін жүзеге асырудың жолы, оқытудың негізгі формасы сабақ екендігі белгілі. Сабақ жөнінде П.Р.Ахутов «әрбір сабақ оқушының білім қимаратының бір бөлігі» ретінде қарастыру керектігін және оны әрбір мұғалімнің жадында берік ұстауы қажеттігін айтқан болатын. Себебі сабақта білім берумен қатар, практикалық іс-әрекеттерді орындаудағы іскерлік пен



дағдылардың, сапалық қасиеттердің қалыптасуы жүзеге асырылады. Сабақтың нәтижелі болуіне мұғалім мен оқушының қатынасына байланысты.

Технология пәні мұғалімі ұйымдастыратын сабақтар негізінен аралас немесе көбіне практикалық сипатта болады. Осыған байланысты пән мұғалімі сабақтың құрылымына сәйкес ұйымдастыру, үй тапсырмасын қайталау, білім мен іскерлікті тексеру, мақсат қою, жаңа материалды түсіндіру, түсінікті тексеру және оны оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастырумен бекіту, үйге тапсырма беру кезеңдері бойынша даярланады.

Жалпы білім беретін мұғалімдердің атқалып жүктемесіне сәйкес, олардың нақты сабақты ұйымдастырудан тыс уақыттарын тиімді пайдалану керектігі көбіне ұмыт болып жатады. Кейбір жағдайда мұғалім еңбегі басқа өндірістік, еңбек сфераларының қызметіне қарағанда оңай көрінеді.

Технология пәні мұғалімінің сабаққа дайындалудағы тақырыпқа сәйкес дайындық жұмыстарының мазмұны:

1. Бағдарлама және оқу құралдары бойынша бөлімнің тақырыптың мазмұнын зерделеу.

2. Тақырыптың тәрбиелік, дидактикалық және дамытушылық функциясын анықтау, белгілеу.

3. Тақырыпты зерделеу кезінде қалыптастырылатын ұғымдар, білімдер іскерліктер тізбегін белгілеу.

4. Тақырып бойынша пәнаралық байланыстарды анықтау және тіпекті білім мен іскерліктерді белсендіру тәсілдерінің мүмкіндігін анықтау, белгілеу.

5. Көрнекі құралдар мен техникалық құжаттарды іріктеп алу.

6. Бағдарламада шамамен алынған еңбек объектілерін іріктеу.

7. Алдағы сабаққа қажетті құрал-жабдықтардың, бейімдеу құралдарының, материалдар тізбегін анықтау.

8. Практикалық жұмыстар мазмұнын және оларды ұйымдастырудың формаларын белгілеу.

9. Кәсіптік бағдар жұмыстарының мазмұнын және формаларын іріктеп алу.

10. Оқу материалдарын сабақтар жүйесіне сәйкес үлестіру.

Технология пәні мұғалімі оқушыларды еңбек объектілерін даярлау процесіне қатыстырады. Сол үшін пән мұғалімі төмендегідей талаптарды қанағаттандырады:

1. Еңбек объектісінің технология пәні бағдарламасына сәйкестігін.

2. Еңбек объектісін дайындауда оның тәрбиелеу және дамыту функциясын атқаруын.

3. Еңбек объектісін дайындауда сабақтастықты жүзеге асыруын.

4. Еңбек объектісін дайындауда шамаға лайықтылықпен қажетті күрделіліктің үйлесімділігін.

5. Еңбек объектісінің педагогикалық мақсаты мен қоғамдық мақсаттылықпен үйлесімділігін.

6. Еңбек объектілерінің оқушы шығармашылығын бастамасын дамытуды жүзеге асыруын.

## 7. Еңбек қауіпсіздігі талаптарының сақталуын

Осыдан кейін де міндетті түрде бұйым дайындау үшін технологиялық карта түзіп, еңбек операцияларын, тәсілдерін, қозғалыстарын орындайды. Технологиялық картаны түзу және бұйым дайындау кезінде пән мұғалімі:

- а) дайындама жасау жолдарын, тиімді тәсілдерін, материалды аз жұмсау нұсқаларын;
- б) дайындаманы өлшеуді, бұйым материалын, формасын және оның өлшемін анықтауды; бейнелеу сауаттылығы бойынша оқу материалдарын сыпаттауды;
- в) бұйымды дайындау кезінде барлық операциялардың реттілігі мен мазмұнын белгілеуді;
- г) карта түзудегі орындалатын бір операцияның мазмұнын зерделеуді, бұйым дайындаудағы оның орнын және мөнін белгілеуді;
- д) осы операция шегіндегі өтпелердің реттілігі мен мазмұнын белгілеуді;
- е) әрбір өтпелер үшін қажетті құрал-жабдықтарды, жұмысшы және бақылау-өлшеу құралдарын, бейнелеу құралдарын, жұмыстың режимін, нұсқаулық сілтемелерді және әдісдік бақылауды белгілеуді;
- ж) әрбір өтпелер үшін қажет болған жағдайда эскиз дайындауды;
- з) әділ мөлшерін ескеруді;
- и) технологиялық картаны толтыруды толық мәнді ітереді.

Бұл айтылғандар негізінен еңбек объектісі және технологиялық процеске оқушыларды баулу үшін даярлықтың мазмұндық жағын алдың ала белгілеу мақсатында жүргізіледі. Оқытудың нәтижелілігі оқушылардың білім мен іскерлікті игеру деңгейіне байланысты. Сондықтан да мұғалімнің сабаққа дайындалуы барысында оқушының дайындық деңгейі назарда болуы тиіс. Осы тұрғыдан мұғалім нақты оқыту процесін ұйымдастыру үшін оқушылардың белсенділігін қамтамасыз етеді.

Келесі кезекте технология пән мұғалімі сабаққа дайындалады және оны өткізеді. Сабаққа дайындалу пәннің типтік оқу бағдарламасына сәйкес түзілген күнтізбелік-тақырыптық жоспарға негізделіп жүргізіледі. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес мұғалім сабақтың көбінен ашылып жазылған жоспар-конспектін құрастырады. Жоспарды құрастыру төмендегі реттіліктен жүзеге асады:

- бағдарламаны, күнтізбелік жоспарды пайдаланумен бөлім бойынша сабақтар жүйесіндегі сабақтың орны анықталады;
- жаңа терминдерді, еңбек тәсілдері мен операцияларын бөліп көрсетумен сабақтың тақырыбы бойынша оқу материалдары зерделенеді;
- берілген сабақта қалыптастырылатын ұғымдар, білім мен іскерліктер белгіленеді;
- сабақтың тәрбиелік, дидактикалық және дамытушы мақсаттары анықталады;
- еңбек объектісін таңдауда қажетті материалдар мөлшері белгіленеді;
- көрнекі құралдар, техника-технологиялық құжаттар таңдалады;
- сабақ құрылымы, оқу жұмыстарын ұйымдастыру формалары анықталады;

- оқушылардың білімін тексеруді ұйымдастыру жоспарланады;
- бағдарламалық бақылау құралдарын мақсатты түрде пайдалану мүмкіндіктері шешімге тәбәлі;
- оқушылардың шығармашылық тәсілін талап ететіндей білім мен іскерлігін тексеру үшін тапсырмалар әзірленеді;
- оқушылардың жаңа оқу материалдарын меңгеру және танымдық іс-әрекеттерін белсендіру тәсілдері әзірленеді;
- әрбір сабақ бойынша кірісте, аяқталу және қорытынды құрғау берудің формасы мен мазмұны әзірленеді;
- бағалау критерийлері дайындалады;
- кәсіптік бағдар беру жұмыстарын өткізу әдістемесі жобада қамтылады.

Оқушылар технология пәні сабағында мақсатқа сәйкес білім мен іскерліктерді игереді. Сондықтан да сабақтың нәтижесі ретінде оқушылардың білімі мен іскерліктерін тексеруді ұйымдастыру, бақылау жүйесін жетілдіруде:

- білім мен іскерлікті тексеру мақсатын қояды;
- пайдаланатын тексеру түрлерін, олардың мақсатпен сәйкестігін;
- оқушы жауаптарының сапасын, сабақтағы және еңбектік іскерліктердегі келісіліктерді жояды;
- білімді тексерудің жаңа оқу материалдарын зерделеумен байланысын;
- білімді және іскерлікті тексеруді ұйымдастыру мен жүргізуді жақсарту бойынша нұсқаулар даярлауды пән мұғалімі қалғалысыз ету міндеттерін даярлық барысында шешеді.

Технология пәні сабақтарының нәтижелі болуы бірінші кезекте оқу-материалдық базаға байланысты екендігі белгілі. Ал оқу-материалдық базаның жабдықталу деңгейі жоғары болғанда оқу-тәрбие үдерісінің нәтижесі педагогикалық үдеріске қатысушыларға байланысты болады. Сондықтан да технология пән сабақтарының нәтижелі болуы алдын ала мақсатты ұйымдастырылған мұғалімнің даярлық іс-әрекеттеріне байланысты.

Мектепте технология пәні мұғалімінің дайындығын айқындау жүзеге асырылады. Мұғалімдердің кәсіптік шеберлігін анықтайтын диагностикалық картада төмендегі сұрақтарды қарастырады:

- тақырыптық және әр сабақ жоспары;
- сабақ барысында оқушылардың іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруы;
- жаңа бағдарлама мен оқулықтар мазмұнын меңгеруі;
- сабақ барысында генералық байланыстарды пайдалану;
- оқушылардың таным белсенділігін дамыту;
- оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту;
- оқушылардың қабілеттеріне байланысты топтарға бөліп оқыту;
- оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін ұйымдастыру;
- оқушыларды өзін-өзі тексеруге, өзін-өзі бағалауға үйрету;
- сабақ барысында ойын әдістерін пайдалану;
- техникалық көрнекі т.б. құралдар пайдалану;
- кәсіби бағдар беру;

- өз жұмысын, сабағын өзі талдау;
- қауіпсіздік техникасын сақтау;
- пән бойынша сабақтан тыс жұмыстар ұйымдастыру;
- оқу барысында қоғамға пайдалы, өнімді еңбекті ұйымдастыру;
- жазғы мезгілде қоғамға пайдалы, өнімді еңбекті ұйымдастыру;
- материалдық базаны нығайту.

Оқу жылы аяқталарда диагностика негізінде ұйымдастырылған әдістемелік жұмыстың нәтижесін бағалау мақсатымен бірқатар есеп беру шараларын өткізеді (олар – қысқаша хабарлама дайындау; реферат жазу; баяндама жасау; белгілі тақырыпқа байланысты есеп сабағын өткізу).

**2 «Технология» оқу пәнін оқытуда қолданылатын принциптер, әдістер мен тәсілдер, оқытуды ұйымдастыру формалары**

**2.1 «Технология» пәні мазмұнын оқу материалдарын түзудегі және оны оқытудағы дидактикалық принциптер**

Қазіргі Білім Беруде қолданыстағы «Технология» білім саласының міндеттері:

- оқушыларды өзіндік практикалық іс-әрекетпен жаңаны жасау, өзіндік жүзеге асыру ұлтышысын қаруландыру;

- қазіргі заман өндірісінің технология, экономика, ұйымдастыру және экология саласындағы технологиялық мәдениетті және жалпы еңбектік білім мен етпіндікті итеруін, оның даму перспективалары жөнінде түсінікті қалыптастыруды қамтамасыз ету;

- адамгершілік-еңбектік сапаны, кәсіпті таңдау және еңбек сүйіштілік қоғамдық-құнды мотивтерді тәрбиелеу.

Бұл міндеттерді шешу, жүзеге асыру оқу-тәрбие процесінде оқушылардың технологиялық дайындығын ұйымдастыруда оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологиясын және дамыта оқыту әдістерін тиімді пайдалануда болып табылады. Оның ішінде білім мазмұны бағдарламадағы оқу материалдарының толық мәнді көрсетілуіне байланысты болады.

«Технология» пәні бағдарламасы мазмұнындағы теориялық мағлұматтар мен практикалық іс-әрекеттер бағдарлама мазмұнында ғана қамтылып қана қоймай, сондай-ақ, оқу процесінде оқыту технологиясына, әдістемесіне байланысты алынады.

«Технология» пәнінің мазмұны адамның кәсіби іс-әрекет түрлерін оқытатын бола андықтан міндетті түрде кәсіп саласы, мамандық түрі жөнінде мағлұматтарды қамтиды.

Оқушыларды еңбекке дайындауды жүзеге асыру олардың қазіргі дамыған өндірістің ғылыми-техникалық негізіннің кең ауқымды дүниетанымын итеруіне, өндіріс пен ғылым негіздерінің байланысын іске асыруына, қолөнер шеберлері мен қазіргі өндіріс жұмысшыларының қызметін ұғынуына, меңгеруіне мүлкіндік береді.

Қазіргі педагогика ғылымында дидактикалық принциптер білім мазмұнының негізіне алынады. Олар төмендегідей принциптер:

- оқыту үдерісін гуманитарландыру;
- оқытудың ғылымшылық жүйелілігі;
- теория мен практиканың байланыстылығы;
- оқытудың көрнекілігі;
- оқытудың саналылығы мен белсенділігі;
- Білім беру мен тәрбиенің және жаке тұлғаның дамуының байланыстылығы;
- білімнің шамаға лайықтылығы мен оқушылардың жас және дара ерекшеліктерін есепке алу;
- білімді берік және тиянақты меңгеру;
- оқыту процесінде теңаралық және әр пәннің теңінділік байланыстылық.

Білім беруді гуманизарландыру бүкіл тәрбие, білім беру, оқыту азартушына барлық мәдениет саласын гуманистік бағытқа жұмылдыруды көздейді.

Гумандық бағыт оқы-тәрбие процесінде, оның ішінде «технология» пән сабақтарында негізінен педагогикалық қарым-қатынас арқылы және оқу материалдары мазмұны арқылы жүзеге асырылады. Мұнда оқы-тәрбие процесі ізгілендіруге бағдарланады. Оны жүзеге асырушы мұғалім болып табылады.

*Оқытудың ғылымилық қимылы.* «Технология» пән сабақтарының мазмұны өндірістің негізгі компоненттері бойынша анықталатындығы белгілі. Сабақта техника, технологиялық процестерді және экономикалық көрсеткіштерді оқыту барысында, олардың негізгі анықтамалары, заңдылықтары ғылыми негізде түсіндіріледі.

Техника мен технологияның ғылыми негізі жаратылыстану негізінде зерделенеді, экономикалық көрсеткіштер сандық және сапалылық тұрғыдан анықталынады. Сонымен бірге мұғалім пайдаланған ғылыми ұғымдар мен терминдерде түсіндіріп, дұрыс қолдана білуге үйретеді.

Сабақта оқушыларға бұрын жасауда материалды тандау үшін олардың қасиеттерің, технологиялық өңдеу барысында болатын құбылыстарды зиялы ғылыми тұрғыда түсіндіру, оқушының ойлау қабілетін дамытады.

*Оқытудың жүйелілік және бірзділік қимылы.* Білімнің жақсы меңгерілуі үшін жаңа білім бұрынғы бар білім жүйесіне біртіндеп енгізіледі.

Тағлым қызметінің бұл жағы жүйелілік және бірзділік принципі деп аталады. Мұғалім оқу материалына, мазмұнына байланысты әрбір сабақтың оқу материалың, мазмұнын дидактикалық талаптарға сай логикалық байланыста, оқуды жүйелі қамтамасыз етеді. «Технология» пән сабақтарының барлығында әрбір оқушы жүйелі түрде практикалық еңбек дағдыларын және сол сияқты өндірістің ғылыми негізін міндетті түрде меңгеруі тиіс. Сондықтан оқушылардың сыныптан сыныпқа көшкенде еңбек операцияларың, технологиялық процестерді, техника негіздерін зерделеуі және еңбек құралдарымен жұмыс істеуі біртіндеп, қарапайымнан күрделіге өтумен меңгеріледі. Сабақтарда бірзділік, жүйелілік принципін жүзеге асыру бағдарлама мазмұнында көрсетіледі. Сабақ барысында бірзділік, жүйелілік принципін іске асыруда мұғалімнің қызметі мына бағытта жүзеге асырылады:

- технология пән сабақтарының барлық кезеңдерінде оқушылардың жалпыеңбектік, жалпыөндірістік дағдыларын қалыптастыруды көздеумен;
- өндірістің ғылыми негізін, біртұтас жүйелі білімді қалыптастыруды қарастырумен;
- оқушылардың әрбір сабақта меңгерген оқу материалы бұрынғы өтілген сабақтардың сабақтардың негізінде жүргізумен;
- әрбір сабақты жоспарлауда ол сабақтардың өткен сабақтармен байланысты болуын қарастырумен;
- сабақта өткен техника-технологиялық мағлұматтар бағдарламалы тиянақты жоспарлаумен.

Оқытудың түсініктілігі мен ауқымдылық принципі Білімнің жақсы меңгерілуі үшін олар түсінікті келтірілген болуы керек. Оқытудың түсініктілігі мен шамаға лайықтылығы принципі тұрғысынан берілген сыныпқа, оқушылардың жас ерекшелігіне, білім деңгейіне сай болады.

Шамаға лайықтылық – теориялық тұрғыдан алған білімнің оқушының санасына байланыстылығын көрсетеді. «Технология» пән сабағында білімнің шамаға лайықтылығы былай қарастырылады. Материалдарды еңдеуге қатысты жасалатын бұйымның оқушылардың жас ерекшелігіне, физиологиялық, ой ерекшелігіне сай келуі.

*Оқытудың көрнекілік принципі.* Оқушы танымы нақты фактілер мен құбылыстарды сезімдік қабылдауынан басталады.

Көрнекілік принципі нақтылық пен абстрактілігінің бірлігі негізінде алынып қарастырылады. Бұл принцип оқушылар білімдерді игергенде зерделеп отырған заттар мен құбылыстарды немесе олардың кескінін жанды қабылдаудан жинақтауға, ирритындылауға немесе керісінше, жалпыдан жалқыға, нақтыға қарай оқытуды осылай етіп ирри талаптарын білдіреді. Я.А.Коменский көрнекі оқытудағы еңбек сіңірген жасампаз ретінде саналады.

К.Д.Ушинский оқушыларда байқажыштықты танып, білім белсенділікті дамыту үшін көрнекі оқытудың маңызын жақсы түсінген. Мұғалім сөзінің көрнекілікпен дұрыс ұштасуының үлкен маңызы бар. Дидактикада өз бен көрнекілікті ұштастырудың екі жолы белгілі.

*Оқытудың саналылық және белсенділік принципі.* Саналылық пен белсенділік оқушылардың танып-білім және практикалық іс-әрекетіне жасалатын педагогикалық басшылықтың дәрежесіне байланысты. Саналылық пен белсенділік дәрежесі көп жағынан оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу саласына байланысты болады. Белсенділік пен саналылық тұтас оқытудың барысында қалыптасады.

Саналылық – оқу ісіндегі формализмді жеңудің маңызды жолы. Оқу ісіндегі формализм – оны жеткілікті түсінбей және практикада қолдана білмей оқу материалын жайдан-жай жаттап алу.

Саналылық, белсенділік, өзіндік принципі еңбек әрекетінде айқын байқалады. Сондықтан оқушыларды еңбек әрекетің, қабілетін саналы, белсенді түрде өзіндік жұмыс арқылы қалыптастыру әрбір мұғалімнің міндеті. Технология пән сабақтарында оқушылардың еңбегі өз бетінше орындалатын жаттығулар, лабораториялық, практикалық жұмыстар арқылы оқу өндірістік тапсырмалар арқылы техникалық құжаттарды талдау, техникалық, технологиялық тапсырмаларды, экономикалық есептерді шешу арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан қарастырып отырған принцип оқу материалын меңгеру деп проблемалық оқыту тұрғысынан шешу арқылы қарастырылады. Себебі оқушы тапсырма алу арқылы өз бетінше сол тапсырманы орындайды. Практикалық жұмыс барысында еңбек құралдарын анықтайды, схема, сызба, есептеу жолдарын қарастырады.

*Білімді шегу берілмеі принципі.* Білімді игерудің беріктілік принципі оқушының оқыған оқу материалын ұзақ уақыт есте сақтауды көздейді.

Технология пән сабағында оқушыларға егтілік пен дағдыны дұрыс қалыптастырсақ және теориялық білімді саналы игертіп белсенділігін тудыра алсақ, онда оқушылар практикада орындаған еңбек операциялардың өмір бойы ұмытпайтын болады. Мәселен, ойла-нақышты бұйымдар дайындайтын материалдың қасиетінің бірі – сәтінгіштік болса, онда сәтінгіш материалды пайдаланбау қажеттігін оқушы берік есте ұстайды. Сол сияқты пайдаланатын құрал-жабдықтардың, технологиялық процестердің ғылыми негізі жөнінде де білімі берік қалыптасуын қамтамасыз етеді. Мұның бәрі теориялық мағлұматтарды мұғалімнің оқушыларға қалай және қайтп жеткізуінде болады.

*Теорияның практикамен байланыстылық құрылымы* оқушылардың ғылым негіздері болып саналатын сабақтардан алған теориялық білімдерін практикада қолдана білуді айқындайды. Мәселен, кесу құралдарының кесу бөлігінің сына пішінді болып келуі, қатты материалға иенің еңбеуі, қатты материалды қайшының тұтқа бөлігінің ұзын болып келуі күшті аз талап етуі, т.б. сияқтыларды техникалық еңбек сабақтарында пайдаланады.

Технология пән сабақтарындағы негізгі құраушы принциптердің бірі – политехникалық. Политехникалық білім беру дегеніміз өндірістің негізгі элементтері мен экономикалық байланыстары туралы білім беріп, өндірісте көп кездесетін еңбек құралдарымен жұмыс істеумен дағдыландыру. Соның нәтижесінде барлық өндірістер туралы мағлұматтарды қалыптастырады.

Политехникалық білімді былай көрсетуге болады:

1. Жалпы өндірістің теория және практика жүзінде ғылыми негізі туралы жүйелі білім

2. Жалпыеңбектік, жалпыөндірістік біліктілік пен дағды.

3. Жеке бастың еңбекке қабілеттілігін қалыптастыру. Технология пән сабақтарында оқушыларға өндіріс негіздері туралы мағлұмат беріледі. Өндірістің негіздерін төмендегідей етіп көрсетуге болады:

- 1) материалдық;
- 2) техника негіздері;
- 3) технология негіздері;
- 4) басқару жүйесі;
- 5) адам және оның еңбегі.

Оқытудың политехникалық принципі оқушыларды оқу және еңбек әрекеті объектілерінің политехникалық мазмұнын мұғалімнің ашу тәсілдерін және оны мектеп оқушыларының игеруін қарастырады. Бұл принцип мектепте ғылымның техникада қолдануды жалпылығы мен ерекшелігін оқушылардың оқып-диференуін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

*Оқытуды өмірді еңбекпен ұланыстыру құрылымы* Технология пән сабағы теориялық және практикалық бөлімдерден тұрады және оның 70% - ға жуық уақыты практикалық сабақтың үлесіне тиеді. Осы практикалық жұмысқа бөлінген уақытта оқушыларға міндетті түрде сабақтың барысында пайдалы өнімді өндірумен шұғылдануы тиіс. Мұндағы ескеретін нәрсе оқушының еңбегі үйретілетін, шеберлігін қалыптастыратын алғашқы оқу еңбегі, маман жұмысшының еңбегіндей емес. Сондықтан оқушылар еңбегінің қызметін



ұйымдастыруда оқушыларға практикалық іскерлік пен дағдыны қалыптастыру қызметі мені бар сипатта анықталғаны жөн.

Мектепте еңбек сабақтарына байланысты оқуды, өнімді еңбекпен байланыстыруда мына міндеттерді шешу қажет:

1. Оқушылардың жасайтын өнімдерінің жоспарын түзу.
2. Оқушылардың жасаған бұйымына байланысты еңбегін материалдық және моральдық ынталандыру.
3. Оқушылардың жасайтын бұйымына байланысты есеп жүргізу және ол бұйымдарды қажетке жарату.
4. Базалық кәсіпорын жағдайларында оқушыларды жұмыс істеуге бейімдеу. Өнімді еңбек оқушыларды бір жақты абстрактыны ойлаудан нақтыны ойлауға етуін қамтамасыз етеді. Себебі оқушылардың практикалық қызметінде теорияның практикамен байланыстылығын тікелей бақылау арқылы қорам игіліктерін жасайды және белсенді жұмыс атқарады.

*Еңбектің негізгі құрамдас принциптері* Технология пәні сабағында мектеп оқушыларын еңбекке дайындауда оқытудың дидактикалық принциптерімен қатар еңбектің негізгі құрамдас принциптер қарастырылады. Олар төмендегідей:

1. Еңбекке баулу процесінде оқушыларды тәрбиелеу.
2. Еңбекке дайындауда кәсіби бағдар беру.
3. Оқушылардың еңбекке шығармашылық қатынасын қалыптастыру.
4. Кәсіби оқыту.

## 2.2 «Технология» пәнін оқыту әдістері мен тәсілдері

Оқыту үдерісі: оқытудың мақсаты мен міндеттері → оқыту мазмұны → оқыту әдістері → оқытуды ұйымдастыру формалары → оқыту нәтижесі сияқты компоненттерден тұрады, бұл компоненттерді бір-бірінен бөліп қарастыруға болмайды.

Оқытудың мақсаты мен міндеттерін оқытудың тиімді формалары мен әдістерін пайдаланбай жүзеге асыру мүмкін емес. Мектепте «Технология» пәні сабақтарының міндеттері мен мазмұны бойынша: жаңа білімдерді зерделеу; егтіліктер мен дағдыны қалыптастыру; практикада білімдерді қолдану; білімдерді жүйелеу және талдап қорыту; білімді, еңбектік егтіліктер мен дағдыларды тексеру; аралас сабақтар түрлері болуы мүмкін.

Технология пәнін оқытудың өзіндік ерекшелігін ескере отырып оқушының іс-әрекеті мен оқытушының оқыту әдістері мен тәсілдері бойынша В.А.Поляковтың жіктеуі едәуір тиімді деп есептеледі. Ол оқып үйрену әдістеріне төмендегілерді жатқызады:

1. жаттығу (ақыл-ой, қызғалыс, аралас);
2. оқу эксперименті (лабораториялық-практикалық жұмыстар);
3. оқу-өндірістік жұмыстар;
4. есептерді шешу (техникалық, технологиялық, экономикалық есептерді шешу);
5. техникалық құжаттармен жұмыс жасау (оқу, құрастыру, схема және сызбаларды, техникалық және нұсқау карталарды және т.б. қолдану);

6. ғылыми-техникалық әдебиеттермен жұмыс жасау (анықтамалықтармен, оқу құралдарымен, техника бойынша көпшілікке түсінікті кітаптармен және т.б.).

Ол мұғалімнің оқыту үдерісіндегі қоладныпадын оқыту әдістеріне төмендегілерді жағқызады:

1. оқу материалдарын ауызша мазмұндау (еңбек құралдарының құрылысы мен жұмыс істеу принципін, технологиялық процестердің ғылыми мәнін түсіндіру, өндіріс, кәсіп туралы т.б. баяндау);

2. әңгіме (білімді тексеру үшін және оқушыға жаңа мағлұматтарды хабарлау үшін);

3. оқу демонстрациясы (оқып үйренетін механизмдер мен машиналарды, үлгілерді және т.б., кинофильмдерді, диафильмдерді және диапозитивтерді көрсету, техникалық құжаттармен таныстыру, еңбек тәсілдері мен операцияларын көрсету және т.б.);

4. оқушылардың білім, елгілік және дағдыларын бағалау және тексеру әдістері (ауызша сұрақтар, практикалық бақылау жұмыстары, біліктілік емтихандар және т.б.).

Еңбекке баулуда әдістерді Г.И. Крутшюв ақпаратты беру мен меңгеру тәсіліне сәйкес сөздік көрнекілік және практикалық деп үш топқа топтастырады.

Педагог-ғалым әлұл әдістерді «Методика преподавания технологии с практикүмле» еңбегінде одан әрі ашып мазмұндайды. Оның ішінде дұрыс көрсету әдістемесіне демонстрацияның тиімділігін, байланыстылығын көрсете келіп, басшылыққа алынатын төмендегідей ережелерді ұғынады:

- мектеп оқушыларының нені және қандай мақатпен бақылайтынын хабардар ету;

- демонстрация жасалатын затты жақсы көру үшін барлық оқушылардың бақылауын теңдей ұғымдастыру;

- оқушыларға мүмкіндіктер бойынша затты тек қана көрумен ғана емес, әртүрлі сезім органдарымен қабылдауға жағдай жасау;

- заттардың басты ерекшеліктері туралы оқушыларға едәуір пікір қалдыруға талпыну;

- заттар мен процестерді, қозғалыстар мен құбылыстарды оқушылардың көруіне мүмкіндік беру.

Жастарды материалды өндіріс саласында кәсіпке, мамандыққа дайындауда педагогтің өндірістік оқыту әдістерінің мәнін түсіндіру үшін білім алушының іс-әрекеті сипатымен байланысын қарастыру қажет. Білімгердің оқушының теориялық оқу кезіндегі іс-әрекеті танымдық сипатқа ие болады. Оның нәтижесі ұғымдарды қалыптастыру және техникалық шығармашылықты дамыту. әрбір ұғымға белгілі бір таңба сәйкес келеді. Сондықтан да білімгердің оқу-танымдық іс-әрекетінің сыртқы жерісі таңбалы іс-әрекет болып табылады.

Адамның еңбек іс-әрекетінің құрылымы күрделі, иерархиялық түзілген, көп деңгейлі және бір деңгейден екінші деңгейге ауыстырылып қосылатын үлкен мүмкіндігімен динамикалық дамушы құрылым ретінде сипатталады.

Еңбек операцияларының тәсілдерін, әрекеттерін көрсетуді студенттер, оқушылар үшін қарапайым болып табылатын қозғалыстардан бастау қажет. Қарапайым қозғалыстардың дұрыс орындалуы еңбек операцияларының, технологиялық процестердің дұрыс орындалуына негіз болады. Технологиялық, дайындық, теориялық, мағлұматтарға сәйкес практикалық іс-әрекеттерден тұрады.

Технология пәнін оқыту әдістемесі тұрғысынан алғанда оқушыларға дер кезінде нұсқаулар қажет. Нұсқау деп – іс-әрекет барысында оқушының практикалық іс-әрекетінің дұрыс және қауіпсіз орындалуын қалыптастыру бағытындағы еңбек іс-әрекет тәсілдерін көрсету және түсіндірулер немесе оны көрсету арқылы жүзеге асырылатын түсіндірулер. Педагог-ғалымдардың, әдіскерлердің пікірінше оның мазмұнына келесі элементтер қамтылады:

1. сабақ тақырыбымен және мақсатымен;
2. ғылым негіздері бойынша тірек білімдерін тақырыпқа қатысты техника-технологиялық мағлұматтарды оқушылардың есіне түсіру;
3. жаңа техника-технологиялық мағлұматтармен таныстыру;
4. бұйымның үлгілерін көрсету;
5. алдағы жұмыс жөнінде айту, бұйымның үлгісімен, сызбасымен қосан қойылатын техникалық талаптармен таныстыру;
6. жұмысқа дайындық, жұмыс орнын ұйымдастыру, қауіпсіздік еңбек ету ережелерін мазмұндау;
7. операцияны дұрыс орындаудағы әдістер мен тәсілдерді түсіндіру және көрсету, жіберілетін қателіктердің алдын алу;
8. дайындалған бұйымның сапасын, операцияны орындаудың дұрыстығын өзіндік бақылау әдістерін түсіндіру және көрсету;
9. материалды итеру сапасын сұрау және әрекетті қайталау жолымен тексеру;
10. оқушылардың өзіндік практикалық жұмыстары үшін нұсқау беру.

Сабақ барысында оқушыларға берілетін нұсқаулардың өзіндік орны бар. Технология пән сабақтарында нұсқаудың келесідегідей түрлері қарастырылады: кіріспе, ағымдық және қорытынды.

Кіріспе нұсқауда жаңа операцияны үйретуде операцияның сипатын, еңбек тәсілдерінің дұрыс орындалуын демонстрациялау, өзін-өзі бақылау белгілерін көрсету, нақты еңбек міндеттерін қояды қарастырады.

Кіріспе нұсқаудан кейін оқушылардың өзіндік жұмыстары ұйымдастырылады.

Ағымдық нұсқау еңбек тәсілдерін дұрыс орындамаған кезде, оқушының зейінін жұмыстың барысындағы жіберілген қателіктерге аудару, жұмыстың дұрыс орындамаған себептерін түсіндіру, оқушының қорытынды жасау, дұрыс еңбек тәсілін қайта көрсету үшін және т.б. жағдайда қарастырады.

Қорытынды нұсқау орындалған іс-әрекет барысында дайындалған бұйымдарды демонстрациялау, оқушы жұмысының жалпы қатесіне талдау жасау және оқушы еңбегін бағалау мақсатында жүзеге асырылады.

### 2.3 «Технология» пәнін оқытуды ұйымдастыру формалары

Оқытуды ұйымдастыру формалары педагогика ғылымы мен пәнді оқыту әдістемесі тұрғысынан қарастырғанда кеңінен қамтылған. Технология пәнін оқыту формаларында ұжастықтар болғанымен пәндегі теориялық мағлұматтар мен практикалық іс-әрекеттер тұрғысынан өзіндік ішкі құрылымы бойынша ерекшеленеді.

Оқушылармен ұйымдастырылатын оқу жұмысының көптеген түрлері бар. Олар: сабақ, кеңес, сынақ, семинар және конференция, оқу топ серуені. Сабақтың негізгі сипаттамалары, мазмұндық ерекшеліктері педагогика курсынан белгілі.

Мектептің басқа оқу пәндерімен салыстырғанда технология пәнінің өзіндік ерекшеліктері бар. Олар:

- оқушылардың еңбек іс-әрекеттері тек білімді меңгеру, практикалық іскерліктер мен дағдыларды алу ғана емес, сонымен қатар материалдық игіліктерді өндіру, шығару, өңдеу;
- білімнің қайнар көзінің арасынан басты орын алатыны өндірістік объектілер, еңбек және технологиялық процестер;
- оқушылармен сабақтар оқу-өндіріс жағдайында шеберханаларда, оқу цехтарында жүргізіледі;
- еңбекке үйрету процесінде тәрбиелік ықпал оқушыларда жеке тұлғалық сапа қалыптастыру мен дамытуға бағытталады;
- оқу –тәрбие процесіне тек мектеп мұғалімі ғана емес, сонымен қатар практикалық жұмыстарда басшылық ролді біліктілігі бар материалдық өндіріс саласының маманы жүргізуі мүмкін.

Педагогикалық әдістемелік оқу құралдары, мектеп практикасы барысын талдауда және материалдарды өңдеу тарауларын оқытуда технология пән сабақтарының жалпы құрылымдық элементтері төмендегідей:

- ұйымдастыру бөлімі;
- сабақтың тақырыбы мен мақсатын оқушыларға хабарлау;
- оқушылардың технология пән сабақтарынан және басқа пәндерден алған тірек білімдері мен еггіліктерін маңызды ету;
- оқушыларға алдағы тұрған тапсырмаларды орындау үшін мұғалімнің кіріспе нұсқауды мазмұндауы, практикалық іс-әрекетті дұрыс орындау тәсілдерін көрсетуі және неге іс-әрекетті көрсету бойынша орындау керектігі туралы қысқаша ғылыми негіздеуі;
- қауіпсіздік еңбек ету тәртібі бойынша нұсқау беру;
- оқушылардың жұмыс жасауы үшін дайындамалар мен құрал-жабдықтарды үлестіру;
- оқушылардың алған тапсырманы орындауы;
- оқушыларға тапсырманы орындау барысында мұғалімнің ағымдық нұсқау беруі және олардың жұмыстарына бақылау жүргізуі;
- сабақтың қорытындысын жүргізу, яғни оқушылардың тапсырманы орындау барысындағы қателіктерін талдау, білімдерді талқылап қорыту;
- оқушылардың іс-әрекетін бағалау және белгілеп қою;
- оқу шеберханаларын жинастыру.

әрбір сабақтың жалпы және білім беретін міндеттерін жалпылай келе технология пәні сабақтарының міндеттерін төмендегідей жинақтап көрсетуге болады:

- техникалық объектілердің құрылысы, жұмыс істеу қағидалары және қолданылуы туралы жаңа білімдерді меңгерту;
- технологиялық процестердің жүзеге асыру тәсілдері мен қағидалары туралы мағлұматтар беру;
- техникалық объектілермен жұмыс жасаудағы практикалық елтіліктер мен дағдыларды қалыптастыру, технологиялық операцияларды орындау, жұмыс орыны мен еңбекті ұйымдастыру, алдағы тұрған іс-әрекетті жоспарлау және өзіндік іс-әрекетті бақылау жасауға үйрету;
- оқушыларды пайдалы өнімді еңбекке қатыстыру;
- оқушылардың еңбектік дайындығының деңгейін және сапасын тексеру мен бағалау.

Технология пәні сабақтарында көрсетілген міндеттер әрбір сабақтың немесе бірнеше сабақтар барысында қарастырылуы мүмкін.

Сабақтың мазмұны:

- сабақтың тақырыбы;
- сабақтың мақсаты;
- сабаққа керекті қорал-жабдықтар;
- сабақтағы көрсеткіштер;
- сабақтың түрі;
- тірек ұғымдар;
- техника-технологиялық мағлұматтар;
- практикалық іс-әрекеттер;
- кәсіптік бағдар беру;
- пәнаралық байланыс;
- пайдаланылатын әдебиеттер.

Технология пәні сабақтарын өткізу үшін сабақ жоспары бекітіліп, соған сәйкес қысқа тұжырымды әдістемесі сыпатталады.

Сабақтың жоспары:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Өткен сабақтағы материалды пысықтау, бекіту.
3. Сабақтың жаңа материалын мазмұндау (тақырыбын, мақсатын, міндетін баяндау).
4. Өткен материалды пысықтау, бекіту.
5. Оқушылардың өзіндік жұмысы.
6. Қорытындылау кезеңі.

Технология пәні сабақтарындағы оқушылардың іс-әрекеттері өндірістік процестерге байланысты. Сондықтан да технология пәні мұғалімі өндірістік процестердің психологиялық құрылысын білуі шарт болып табылады.

Оқушылар еңбекке баулу сабақтарының нәтижесінде, тек теориялық білімдерді практикада қолдануды білумен шектелмей, сонымен қатар, материалдық өндірістің техникасымен жұмыс жасауы үшін елтіліктер мен дағдыларды игеруі тиіс. Сондықтан оқу материалына сәйкес оқушылардың

жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыруың, еңбек құралдары мен станоктарда жұмыс жасаудағы ептіліктердің және дағдылардың т.б. дұрыс қалыптасуын қамтамасыз етуі қажет.

Оқушылардың оқу материалдарына сәйкес жұмыс жасауы сабақтың практикалық міндеттерін жүзеге асырса, екіншіден теория мен практиканың байланысын қамтамасыз етеді. Мұның өзі оқушылардың білімді ұзақ уақыт есте сақтауы мен білімді терең игеруіне ықпал етеді.

Сабақ – білім беруді нақтылы жағдайда қамтамасыз етеді. Әрбір сабақтың сапалы да, нәтижелі етуі және тулғаның жан-жақты дамуы мен қалыптасуының кепілі деп қарастырылса, онда еңбекке баулудағы материалдық базаның төмен дәрежеде жабықталуын ауызға ала отырып, еңбек сабағына бөлінген уақытты тиімсіз өткізуге, оқу материалын ете қарапайым етуге болмайды. Сондай-ақ технология пән сабағын тек практикалық сабақ деп түсініп, оқушыларды сабақтың өн бойында практикалық іс-әрекетке жегіп қояға болмайды, мұның өзі оқушыларды еңбекке тәрбиелеуге теріс әсер етеді.

Технология пәні сабақтарында оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру дербестендіру мен саралауға сәйкес жүзеге асырылады. Оның себебі, оқушылардың оқуға әртүрлі қабілеттілігінде. Оқуға қабілеттілік адамның көптеген ақыл-ой салаларына, соның ішінде дербес ойлай алу, мағыналық есте сақтау, біртегіс құбылыстардан қорытынды жасай алу, қысқа мерзімде күткен нәтижеге қол жеткізу, технологиялық процестерді орындаудағы еңбек дағдыларына тікелей қатысты. Оқуға қабілеттілік оқушылардың кеңісті ойлауына, сезім мен эмоциясына, есі мен сөзіне, тұжырымды ойына, танымдық қызығушылығына, алдағы іс-әрекетті жобалауына байланысты.

Оқушыларға ұсынылатын оқу материалдары олардың таным-түсінігіне, практикалық іс-әрекеттер еңбек дайындығы мен қабілеттілігіне байланысты. Сол себепті оқу материалдары мен практикалық іс-әрекеттер сәйкесінше күрделілік пен оларды оқушылардың игеруіне қиын екендігіне тәуелді.

Оқу материалдарына және практикалық іс-әрекеттерге сәйкес олардың күрделілігі мен игерудің қиындығы оқытуды дербестендіру қажеттігін тудырады. Дербестендіру - әрбір оқушының ерекшеліктері мен оқу іс-әрекетінің мүмкіндігіне тәуелді болатын дербес жұмыс. Соған сәйкес әдістер таңдалады, мұғалім ұсынылатын мөлшерлі оқу материалдары мен практикалық іс-әрекеттер таңдалады.

Технология пәні сабақтары бойынша оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру олардың еңбек іс-әрекетіне, дайындығына және бағдарламалық оқу материалдарға байланысты жүзеге асырылады.

*Технология пәнінің ғылыми негіздерімен пәнаралық байланыстары:*

- еңбек құралдарының және еңбек операцияларының ғылыми негіздерін, сондай-ақ еңбек іс-әрекетінің ұйымдастыру-экономикалық принциптерін және қоғамдық мәнін ашады;

- зерделенетін тақырыпты тереңдетеді және байытады, оның басқа ғылыми білімдермен көпжақты байланысы мен қатынасын бөліп алады;

- ғылым негіздері бойынша оқушылардың алған білімдерін жұмыс жасайтын етеді, нақтылайды;
- еңбектік тапсырмаларға саналы шығармашылық қатынасты қалыптастырады;
- объективті болмыстық құбылыс себептерін толығымен ашады;
- мектеп оқушыларына ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға қабілетті етеді.

### 3 Сабақ жоспарын және графигін құру

#### 3.1 Сабақ жоспары

*Сабақтың тақырыбы:* Тоқу өнері.

*Сабақтың мақсаты:*

*Білімділік:* оқушыларға тоқу өнері туралы толық мағлұмат беру.

*Дамытушылық:* теориялық білімдерін сарамандық жұмыста пайдалана білу, оқушыларды өз бетінше ізденуге дағдыландыру, олардың ой-өрісін дамыту;

*Тәрбиелік:* оқушыларды осы өнер түрімен қызықтыру, ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке, іскерлікке тәрбиелеу.

*Сабақтың түрі:* аралас

*Сабақтың әдісі:* түсіндіру, сұрақ-жауап, өз бетінше сарамандық жұмыс.

*Сабақтың көрнекілігі:* Дайын тоқылған бұйымдар.

*Құрал – жабдықтар:* тоқыма жіп, біз, қайшы

*Пәнаралық байланыс:* тарих, биология.

*I. Ғылымдастыру кезеңі:*

- Оқушылармен сәлемдесу;
- Оқушыларды түгендеу;
- Оқушылардың құрал – жабдықтарын түгендеу;
- Оқушылардың зейіндерін сабаққа аударту.

*II. Кі тапсырмасын тексеру.* Өткен тақырыпты қайталай отырып, оқушыларға тақырып бойынша сұрақтар қою.

*III Жаңа сабақ*

Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден келе жатқан, ең алғаш киімі мен үй жабдығының негізі болған қадірменді өнер. Бұл тамаша өнер қазіргі талап тілектер тұрғысынан жалғастырып, тұрмыспен бірге ұласа дамып, одан сайын жетіліп, адамдарды сұлулыққа, әсемділікке жетелеуде. Адамдардың тұрмыс кәддері үнемі өрлеуіне сай олардың мәдени тұрмыстық тілектері есе түсуде. Сондықтан да әр адам киген киімінің қазіргі сән үлгісіне сәйкес бола отырып, қайталанбас әсем ерекшелігін, даралығын таңыта білуге тырысады. Міне, осыған орай бізге көмекке келген өнердің бірі – тоқыма. Тоқымамен айналысқанда адам жеке басына аса қажет нәрсені жасау үшін тоқымайды: осы тоқу үстіндегі түрлі түсті бояулар әлемнің үйлесімділігін, алуан түрлі сән үлгілерін таңдап, түрлі тоқу әдістерін меңгеруі адамның талғамын, шеберлігін, ой-өрісін жетілдіріп, мәркөмдікті сезіну қабілетін дамытады. Соған орай, тоқу өнері басқа да істер сияқты үйренуді, ізденуді қажет етеді. Қазақ қолөнершілері тоқу ісіне көбінесе жүннен ирілген жіптерді пайдаланған.

Жүн – жануарлардан алынатын табиғи материал. Оны қазақ халқы мыңдаған жылдар бұрын іске асырған. Қой, ешкі, қоян, түйе жүндерінен жіп иіріп мата өндіруге, тоқыма, кілем, апаша тоқуға қолданған. Қой жүні – күзем және жабғы жүніне бөлінеді. Қойдың қозысынан алынған жүнді қозы жүні деп атайды. Қой жүнін қырқып алған соң, оны жуып келтіреді де, сабауға дайындайды. Жүнді сабау технологиясына сабау мен тулақ құралдары қажет. Содан кейін жүнді тарақпен тарап, қолмен түтеді.



Жүнді машинамен, қолмен кируге болады. Өндірісте жүн киру технологиясында жүн киретін арнайы машиналар кеңінен қолданылады. Сонымен қатар күнделікті тұрмыста да жүн кируге арналған жүн кируші аппараттар қолданылады.

Ұрылық – жүнді қолмен кируге арналған негізгі аспап. Бұл қарапайым аспап, әр елдің ұрылығының сыртқы қалпы өзінше ерекшеленеді. Қазақтың ұрылығы 30см шамасында сабы жұмс тәрізденіп келеді. Ең жуан жеріне сақина кигізілген. Оның ішкі тесігінің диаметрі 2,5 мм, ал, сыртқы өлшемі - 30мм.

Тоқымға үшін қажетті құралдар:

1. Біз.
2. Жіп

Біздің өзі әрқалай бөлінеді. Мысалы:

1. Қарапайым сым темірден жасалған біз. Бұл көбінесе шұлық тоқуға, мойын орағыш тоқуға, баскіім, т.б. тоқуға арналған. Оны қазіргі таңда пластмассадан, ағаштан, балбұттен, сүйектен жасауға болады.

2. Екі басы сым темірден жасалған, ортасына түгінше пластмасса кигізілген қарапайым біз.

3. Ілмек біз. Аты айтып тұрғандай іліп тоқуға арналған біздің бірі түрі. Ілмек біздің бір түрі. Ілмек біздің әр түрлісі болады. Мысалы ата-бабаларымыздың бұл бізді қойдың көрі жілігінің басындағы жіпкеңірей бөлініп шығатын сүйегінен жасаған. Ал қазіргі заманда арнайы сауда орындарынан сатып алуға болады. Бұл бізді қолданғанда жуан жіптерді жуан ілмек бізбен, ал жіпшеке ілмек бізбен тоқу керек.

Тоқымға тоқу үшін таза жүннен, мақтадан, вискозадан, синтетикадан, жүн мен синтетикадан аралас кірілген жіптер пайдаланылады. Сондай-ақ бұрын пайдаланылған жіптерді де тәркаттып, қайта пайдалануға болады. Ілмекпен тоқу үшін кез келген жіпті пайдалануға болады, жүннен, мақтадан кірілген немесе жібек жіптер, т.б.

Әдетте үстіге киетін киімдерді бастау кірген, ал дастарқан, сәлфетка, сұлқа сияқты заттарды ширақ кірілген жіптен тоқиды. Белшектерінің сыртқы пішіні үлгімен есепке сәйкес шалуды қосу, қысқарту, сирек те жиі тоқу арқылы жасалады.

Тоқу түрлері: тура және көрі қатарлармен тоқу.

Айналыдырып шеңбер жасай тоқу.

Тізбек бірнеше үлгідегі шалудан жасалған тізбектер алғашқы қатар тоқылуға тиіс бар бұйымның бастапқы негізі болып саналады. Ілмектің ұшына бір шалу жасанды да жіпті ілмекке орап, алғашқы шалудың ортасына өткізіп алады. Осылайша қайталану береді.

Ілмекпен тоқуда негізгі элементтері – бос шалу, біріктірілме бағаншасы, шалмасыз бағанша, шалмалы бағанша, екі шалмалы бағанша, үш шалмалы бағанша, төрт шалмалы бағанша, пияз, жарты бағанша және т.б.

Ілмек бізбен тоқу кең тарап, тоқу арқылы жасалған бұйымдар жоғары бағаланатындықтан әр түрлі басылым беттерінде шеберлер өзіннің өнерін

көрсету үшін ілмек бізбен тоқудың шартты белгілерін ойлап тауып, сол арқылы халыққа белгілі бір бұйымды тоқу әдісін көрсетеді.

*Қудымыздің ережесін үнемі есте сақтау керек*

1. Инені ауызға сақтау керек;
2. Инені киімге қадауға болмайды;
3. Қайшыны ашық тастама;
4. Қайшыны жолдасыңа үшкір жағымен берме;
5. Жұмыс соңында орынды тазалап кету керек.

*Жұмысқа қойылатын талаптар:*

- Жұмысты технологиялық картаның көмегімен орындау;
- Жұмысты таза, ұқыпты орындау.

*Қорытынды бөлім*

Оқушылар сендер бүгінгі сабақта тоқу өнері туралы толық мағлұматтар алдыңдар.

- Тоқу өнері қандай өнер түріне жатады?
- Қазақ қолөнершілері тоқу ісіне көбінесе қандай жіптерді пайдаланған?
- Тоқу түрлерін атаңдар?
- Жүн дегеніміз не?
- Ұршық дегеніміз не?

*Бағалау.* Әрбір оқушының жасаған жұмысын қабылдап, баға бойып, жіберілген қателеріңізге түсіндіру.

*Үйге тапсырма беру.*

Сабақ кезеңін уақытқа бөлу

	0-5 минут	5-10 минут	10-15 минут	15-20 минут	20-25 минут	25-30 минут	30-35 минут	35-40 минут	40-45 минут
Ұйымдастыру кезеңі									
Үй тапсырмасын тексеру									
Жаңа сабақты түсіндіру									
Қорытынды бөлім									
Бағалау									
Үйге тапсырма									

### 3.2 Нұсқаулама технологиялық карта

Пән аты: Технология.

Сабақ тақырыбы: Тоқу өнері

Сабақ түрі: аралас.

Сабақтың мақсаты:

**Білімділік:** оқушыларға тоқу өнері туралы толық мағлұмат беру;

**Дамытушылық:** теориялық білімдерін сарамандық жұмыста пайдалана білу, оқушыларды өз бетінше ізденуге дағдыландыру, олардың сөй-өрісін дамыту;

**Тәрбиелік:** оқушыларды осы өнер түрімен қызықтыру, ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке, іскерлікке тәрбиелеу.







Құрал-жабдықтар: тоқыма жіп, біз, қайшы.

Тапсырма орындауға берілген уақыт: 45 минут.

Сұлбалар мен плакаттар	Тапсырмалар мен оларды орындау	Тапсырмаларды орындауға қойылатын талаптар, нұсқаулар
	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Қолғап тоқу үшін тазыма жіп, біз, қайшы дайындап алу.</li><li>2. Қолғапты тоқуды бастау.</li><li>3. Қолғапты тоқып аяқтау.</li></ol>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Инені ауызға салмақ керек;</li><li>2. Инені киімге қадауға болмайды;</li><li>3. Қайшыны ашық тастама;</li><li>4. Қайшыны жолдасына ұшыр жағымен берме;</li><li>5. Жұмыс соңында орынды тазалап кету керек.</li></ol> <p><b>Жұмыста қойылатын талаптар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>▪ Жұмысты технологиялық картаның көмегімен орындау;</li><li>▪ Жұмысты таза, ұқыпты орындау.</li></ul>

### 3.3 Құрылыстың-логикалық кесте

Блок түрлері	Негізгі оқу элементі және бірге оқылатын басқа оқу элементтері
1	Тоқу өнері.
2	Қолғапты бізбен тоқу.
3	Тоқыма үшін қажетті құралдар: 3.1. Біз 3.2. тоқыма жіп 3.3. қайшы.
4	Тоқу процесі қол жұмысымен істеледі.
5	5.1. қажетті құралдарды дайындап алу 5.2. ойластырылған бұйымды тоқуды бастау.
6	Дайын тоқыған бұйым.

Блок номери	Негізгі оқу элементтері және негізімен бірге оқылатын басқа оқу элементтері
1	
2	
3	
4	
5	
6	

## Қорытынды

Қазіргі қоғам мұғалімнің алдына тек қана білім беру ғана емес, сондай-ақ оқушының жеке басына тән маңызды қасиеттерін дамытуды мақсат етеді. Білім басты мақсат болып табыпмай, жеке тұлғаны дамытудың құралы, тәсілі болып табылатын жерде, білім берудің маңыздылығы оқушылардың әртүрлі жеке тұлғалық мінез-құлқына деген жауапты қарым-қатынасты жауапты ұсынады.

Қазіргі күнгі білім беру жүйесі көптеген әртүрлі мәселелермен кезігетінін С.Шишов атап көрсеткен. Олардың ең маңыздысы экономикалық және технологиялық дамудың қарқындылығы. Бұл білімге шақыру болып табылады, өйткені бұрынғы білім беру жүйесі жастарды өмір сүріп отырған қоғамға бейімдеп, дайындау тұрғысында құрылған. Бүгінгі жастарды біз көз алдымызға елестете алмайтын қоғам мен өмірге дайындауымыз қажет.

Екінші мәселе – еңбек нарығы, мұнда бар жұмысқа және оны келешекте сақтап қалуға кепілдік берілмейді. Осы нарық негізі өмір бойына үздіксіз білім деңгейін жоғарылатып, толықтыруды талап етеді.

Үшінші мәселе – бұл экономикалық және әлеуметтік тоқыраудан, жұмыссыздықтан қалыптың үлкен топтарға жіктелу қаупі. Жоғарыда айтылған мәселелерге қоршаған ортамен байланысты мәселені қоспауға болмайды.

Жас ұрпаққа білім беру міндеттерін қарастыра отырып, білім беру жүйесі экономика нысанасы болып табыпмай, азаматтарды дайындауға бағытталған болу керек. Егер талантпен, шығармашылықпен және қарым-қатынастармен толықтырылмаса, алған диплом жұмыс табуға кепілдік бермейді.

Еңбек нарығында базалық білімі жақсы жұмысшыларға сұраныс өсуде, осыдан олар шығармашы тұлға болып қалыптасып, еңбек нысанасы өзгерген жағдайда оңай бейімделуіне мүмкіндік туады. Бұл білім беру жүйесін жастарды нарық жағдайының өзгерісіне жылдам әсер етуді қалыптастыруды міндеттейді.

Жаңаша білім беру жаңа дүниежүзілік қауымдастықтың туылуы процесінің өкілі. Ол жеке тұлғаның дамуына тікелей қатысушы мәселелердің ең негізгісі болып табылады. Білім беру мәселелерінің біріне әрбір адамның жеке жоспарын жүзеге асыруына мүмкіндік беретін, барлығына өз талантын және шығармашы әлеуетін көрсетуге мүмкіндік беру жатады.

Бұл ой қалыңаралық ынтымақтастықты тереңдетуді және кеңейтуді есепке ала отырып «Технология» білім беру саласын өзгертуге қатысты кез-келген талдау негізі болуы керек.

әлемдегі бүгінгі күннің даму деңгейінің ерекшелігі ақыл-ой іскерлігінің жетекші рөлі, когнитивті орталға ауысуы және оларды денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау саласында, қызмет және өнімді өндіру саласында адам қызметтерінің әртүрлі саласында қолдану.

Білім беру саласында жасалып жатқан болжалдар бірден-бір маңызды және аталған мәселелерді жетілдіруде шешуші болып табылатын оқу процесін

біртұтас және сапалы қамтамасыз ететін, оқытудың оқу-әдістемелік мәшһені түзуді алдыңғы қатарға қойып отыр.

Технология пәні сабақтарында оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру дербестендіру мен саралауға сәйкес жүзеге асырылады. Оның себебі, оқушылардың оқуға әртүрлі қабілеттілігінде. Оқуға қабілеттілік адамның көптеген ақыл-ой сапаларына, соның ішінде дербес ойлай алу, мағыналық есте сақтау, біртектес құбылыстардан қортынды жасай алу, қысқа мерзімде күткен нәтижеге қол жеткізу, технологиялық процестерді орындаудағы еңбек дағдыларына тікелей қатысты. Оқуға қабілеттілік оқушылардың кеңісті ойлауына, сезімі мен эмоциясына, есі мен сөзіне, тұжырымды ойына, танымдық қызығушылығына, алдағы іс-әрекетті жобалауына байланысты.

Қазіргі кезде жоғары оқу орны оқыту процесінде оқыту технологиясында маманның, әсіресе, мұғалімнің болашақ кәсібіне бағытталған оқыту қолға алынбай келеді. Оқытуды интеграциялау мен дифференциациялау арасында осы бағытта қарама-қайшылық орын алып отыр. Осының салдарынан оқыту барысында әртүрлі оқыту технологиялары қолданылуда.

Десек те, болашақ мұғалім мамандығы білім беру, білімді менеджментті басқару іс-әрекетінен аратынын ескерсек, онда, оқу жоспарындағы барлық пәндерді оқыту барысында оларды кәсібилендіру қажеттілігі туындайды. Ал бұл өз кезегінде білімгерлерге әрбір оқытылатын пәндер бойынша олардың өз бетінше жұмыс істеу қабілетін және оны басқаруды талап етеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «S0120 – Кәсіптік білім» мамандығы бойынша ҚР МЖМБС. – Астана, 2006.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. 1999, 7-маусым.
3. Еңбекке баулу бағдарламасы 5-7 сыныптар үшін. – Алматы: Мектеп, 1984.
4. Крутских Г.И. Методика преподавания технологии с практикумом: учеб. пособие для студ. Высш. Пед. Учеб. Заведений. – 3-е изд., стер. – М.: Просвещение. 1989. – 192 с.
5. Қызықов Ә., Кәріпқұлов А. Жалпы білім беретін орта мектеп бағдарламалары. – Жамбыл. 1996.
6. Әбішева Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. Алматы: Дарын, 2004ж.
7. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Қазан, 2004.
8. Сарбасова Қ.А., Шаушықова Б.Қ. Педагогика негіздері. Қарағанды, 2004.
9. Мельникова Л.В. и др. Методика трудового обучения. – М.: Просвещение, 1985.
10. Ортаев Б.Т. Технология пәнін оқытудағы политехникалық бағыттың. Оқу-әдістемелік құрал. – Түркістан. – 2006.
11. Ортаев Б.Т., Кубенов М.А. Оқу шеберханасы. Оқу-әдістемелік құрал. – Түркістан. – 2008.
12. Әсетқұлов К., Шәметов Н., Басқұлов И. Кәсіптік педагогика: колледж, университет студенттеріне арналған оқулық. – Алматы, ТОО «Наз-9» ЖШС, - 2006.
13. Әсетқұлов К. Технология пәнін оқыту әдістемесі. – Алматы. – 2008.
14. Пошаев Д.Қ. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері. – Шымкент: ОҚМУ. – 2003.
15. Пошаев Д.Қ. Мамандық таңдау негіздері. – Шымкент: ОҚМУ. – 2007.
16. Пошаев Д.Қ. Педагогика, педагог және заман талабы. Оқу құралы. – Шымкент, ОҚМУ, 2010.
17. Эрганова Н.Е. Методика профессионального обучения: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Н.Е.Эрганова. – М.: издательский центр «Академия». 2007.
18. О.Сыздықов, Д.Қ.Пошаев, Б.Т. Ортаев. «Технология» пәнін оқыту әдістемесі: S012000 – Кәсіптік оқыту мамандығына арналған Оқу құралы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2010.